

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 8 маусымдағы "2023 жылға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидия нормаларын, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджеттік қаражат көлемдерін бекіту туралы" №171 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Мерзімі біткен

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 28 қарашадағы № 383 қаулысы. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2023 жылы 29 қарашада № 100-19 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Жетісу облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы 8 маусымдағы "2023 жылға арналған басым дақылдар тізбесін және субсидия нормаларын, сондай-ақ өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджеттік қаражат көлемдерін бекіту туралы" №171 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 182805 болып тіркелген) қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2-қосымшасы осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жетісу облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Жетісу облысының әкімі

Б. Исабаев

Жетісу облысы әкімдігінің 2023 жылғы
28 қарашадағы № 383 Қаулыға
қосымша

2023 жылға арналған өсімдік шаруашылығы мен сапасын арттыруға арналған бюджет қаражатының көлемі

№	Облыс атауы	Бюджеттік қаражат көлемі, теңге
1.	Жетісу облысы	8 444 000 000
	Барлығы	8 444 000 000